3) өтініш беруші өкілінің микрокредит беру туралы шартқа қол қоюға өкілеттігін растайтын құжаттар (уәкілетті органның шешімі, заңды тұлғаның атқарушы органының басшысын тағайындау туралы бұйрық немесе Шартқа қол қоюға уәкілеттілік берілген тұлғаның өкілеттігін растайтын сенімхат), бет әлпеті бейтарап және аузын жауып ашық фонда турасынан түскен өзінің фотосуретін қоса бере отырып, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) енгізе отырып Шартқа қол қоюға/жасауға уәкілеттілік берілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; жынысын; Шартқа қол қоюға/жасауға уәкілетті тұлғаның туған күні мен жерін; ЖСН; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін, беру органын, берілген күнін және қолданылу мерзімін көрсете отырып;	3) документы, подтверждающие полномочия представителя заявителя на подписание договора о предоставлении микрокредита (решение уполномоченного органа, приказ о назначении руководителя исполнительного органа юридического лица или доверенность, подтверждающая полномочия лица, уполномоченного подписывать Договор), копию документа, удостоверяющего личность лица, уполномоченного подписывать/заключать Договор, с приложением фотографии в анфас на светлом фоне, с нейтральным выражением лица и закрытым ртом, с введением фамилии, имени, отчества (при его наличии); пола; с указанием даты и места рождения; ИИН; номера, органа выдачи, даты выдачи и срока действия документа, удостоверяющего личность лица, уполномоченного подписывать/заключать Договор;
3) бизнес сәйкестендіру нөмірі, ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірі (уәкілетті өкілге де, сондай-ақ заңды тұлғаға да (бар болса) тіркелген), банктік шоттың деректемелері (IBAN);	4) бизнес идентификационный номер, абонентский номер устройства сотовой связи (как уполномоченного представителя, так и зарегистрированного на юридическое лицо (при наличии)), реквизиты банковского счета (IBAN);
5) клиенттің негізгі және қосымша қызметінен түсетін кірістерді растайтын құжаттар, оның ішінде:	5) документы, подтверждающие доходы от основной и дополнительной деятельности клиента, в том числе:

<p>– кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп беру; – 1-С бухгалтерия үзінділері / пайда мен шығындар туралы есеп; – қарыз алушы микрокредит беру үшін өтініш берген күннің алдындағы 3 (үш) айдан 12 (он екі) айға дейінгі кезеңдегі шоттардағы ағымдағы қалдық туралы және айналымдар туралы қызмет көрсететін банктерден үзінді көшірмелер;</p>	<p>– отчетность о финансово-хозяйственной деятельности предприятия; – выписки из 1-С бухгалтерии/ отчет о прибылях и убытках; – выписки из обслуживающих банков о текущем остатке на счетах и об оборотах за период от 3 (трех) до 12 (двенадцати) месяцев, предшествующих дате обращения заемщика за предоставлением микрокредита;</p>
<p>б) құрылтайшылар мен бенефициарлық меншік иелеріне арналған құжаттар. Егер Өтініш берушінің құрылтайшысы ҚР резиденті-заңды тұлға болып табылған жағдайда,(egov.kz)электрондық үкімет порталы қалыптастырған құрылтайшының барлық тіркеу іс-әрекеттері туралы анықтама, немесе құрылтайшының заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге де құжат ұсынылады, өтініш берушінің құрылтай құжаттарының көшірмелері (Жарғы, құрылтай шарты (қатысушылар саны біреуден көп заңды тұлғалар үшін), сондай-ақ қажет болған жағдайда МҚҰ айқындайтын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін шарттар, түпкілікті бенефициарлық меншік иелерін белгілеу үшін қажетті өзге де құжаттардың көшірмелері және/немесе түпнұсқалары. Егер Өтініш берушінің құрылтайшысы ҚР бейрезиденті заңды тұлға болып табылған жағдайда, осы заңды тұлғаны тіркеу елінің заңнамасында белгіленген қажетті құрылтай құжаттары, сондай-ақ тіркеу елінің заңнамасына сәйкес заңды тұлға ретінде тіркелу фактісін растайтын уәкілетті мемлекеттік органның (-дардың) қажетті анықтамалары ұсынылады, ал сондай-ақ, соңғы бенефициарлық меншік иесін ашатын анықтамалар/құжаттар.</p>	<p>б) документы на учредителей и бенефициарных собственников. В случае, если учредителем Заявителя является юридическое лицо-резидент РК, предоставляется справка о всех регистрационных действиях учредителя, сформированная порталом электронного правительства (egov.kz),копии учредительных документов заявителя (Устав, учредительный договор (для юридических лиц с количеством участников более одного), а также, при необходимости, определяемой МФО, при условии, что она не противоречит требованиям действующего законодательства Республики Казахстан, копии и/или оригиналы иных документов, необходимых для установления конечных бенефициарных собственников. В случае, если учредителем Заявителя является юридическое лицо–нерезидент РК, предоставляются необходимые учредительные документы, установленные законодательством страны регистрации данного юридического лица, а также необходимые справки уполномоченного (-ых) государственного (-ых) органа (-ов), подтверждающие факт регистрации как юридического лица в соответствии с законодательством страны регистрации, а также справки/документы, раскрывающие конечного бенефициарного собственника</p>
<p>7) Заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің орналасқан жерінің мекенжайын растайтын құжат (жалдау, жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шарты, өзге).</p>	<p>7) документ, подтверждающий адрес места нахождения юридического лица или индивидуального предпринимателя (договор аренды, купли-продажи недвижимого имущества, иное).</p>
<p>7. МҚҰ-ның сұрау-салуы бойынша Өтініш беруші МҚҰ белгілеген тәсілдермен Өтініш беруші бойынша ақпаратты ұйымға/ұйымнан (кредиттік бюролар, «Азаматтарға арналған үкімет» МК) КЕАҚ, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ) ұсынуға–алуға келісім береді.</p> <p>Қажет болған жағдайда Өтініш беруші заңнама талаптарына және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес басқа да қосымша құжаттарды ұсынады</p>	<p>7. По запросу МФО Заявитель способами, установленными МФО, предоставляет Согласия на предоставление – получение информации по Заявителю в/из организации (-й) (кредитные бюро, НАО «ГК «Правительство для граждан», АО «Центр развития трудовых ресурсов»). При необходимости Заявитель предоставляет иные дополнительные документы согласно требованиям законодательства и внутренних нормативных документов МФО.</p>

8. Өтінішті толтырған уақытта Өтініш беруші тәсілін өз бетімен таңдайды.	8. При заполнении Заявления Заявитель самостоятельно выбирает способ получения Микрокредита.
9. Жеке кабинетте тіркеу Микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.	9. Регистрация в Личном Кабинете осуществляется в соответствии с Правилами предоставления микрокредитов электронным способом.
10. Өтініш беруші толтырылған байланыс деректерінің дұрыстығын Өтініш берушінің Өтінішті толтыру (тіркеу) кезінде көрсеткен Өтініш берушінің ұялы телефонына МҚҰ жіберген арнайы кодын МҚҰ сайтындағы Жеке кабинетте іске қосу арқылы растауы тиіс.	10. Заявитель должен подтвердить верность заполненных контактных данных посредством активации в Личном кабинете специального кода, направленного МФО Заявителю на мобильный телефон, указанный Заявителем при заполнении Заявления (регистрации).
11. Егер Өтініш беруші осы Қағидаларда көрсетілген шарттарда Микрокредит алуға келіскен жағдайда, ол Электрондық тәсілмен микрокредиттерді беру қағидаларына сәйкес немесе жеке өзі (МҚҰ-мен келісім бойынша) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілмен МҚҰ-ға Өтініш жіберу арқылы Шартқа қол қоюға өзінің келісімін растауға тиіс.	11. В случае если Заявитель согласен получить Микрокредит на указанных в настоящих Правилах условиях, он должен подтвердить свое согласие на подписание Договора, отправив Заявление в МФО в соответствии с Правилами предоставления микрокредитов электронным способом или лично (по согласованию с МФО) либо иным способом, не противоречащим законодательству Республики Казахстан.
12. Өтініш беруші мен МҚҰ микрокредит беруге Өтініш-сауалнаманы беру Жеке кабинетте электрондық тәсілмен жасасу келесі әдістердің кем дегенде екеуін қолдана отырып, Өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы және (немесе) СДАО қызметтерін пайдалану арқылы биометриялық сәйкестендіру және (немесе) олардың бірі міндетті түрде биометриялық сәйкестендіру болып табылатын екі факторлы аутентификация арқылы жүзеге асырылатындығымен келісті.	12. Заявитель и МФО согласовали, что подача Заявления-анкеты на предоставление микрокредита в Личном Кабинете электронным способом осуществляется с использованием как минимум, двух из следующих способов посредством электронной цифровой подписи Заявителя и (или) биометрической идентификации посредством использования услуг ЦОИД и (или) двухфакторной аутентификации, одним из которых обязательно является биометрическая идентификация.
13. Өтініш берушінің екі факторлы аутентификациясы мынадай факторлардың кем дегенде екеуін қолдану арқылы жүзеге асырылады: – білім факторын растау: Өтініш берушінің тіркеу кезінде дербес берілген парольді немесе код сөзін енгізуі; – иелену факторын растау: Өтініш берушінің автоматты түрде өтінім берушіге тіркелген токенмен генерацияланған бір реттік парольді енгізуі немесе Өтініш берушінің атына тіркелген смарт-картаны оқу құрылғысына қосылуы немесе өтінім берушінің автоматты түрде генерацияланған және Өтініш беруші көрсеткен өтінім берушінің ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөміріне берілген бір реттік парольді енгізуі, Өтініш берушінің Жеке сәйкестендіру нөмірін ұялы байланыс операторының дерекқорындағы абоненттік нөмір иесінің жеке сәйкестендіру нөмірімен салыстырып тексеру	13. Двухфакторная аутентификация Заявителя осуществляется путем применения как минимум двух из следующих факторов: – подтверждение фактора знания: ввода Заявителем самостоятельно заданного при регистрации пароля или кодового слова; – подтверждение фактора владения: ввода Заявителем одноразового пароля, автоматически сгенерированного токеном, зарегистрированным за Заявителем, или подключения к устройству считывания Заявителем смарт-карты, зарегистрированной за Заявителем, или ввода Заявителем одноразового пароля, автоматически сгенерированного и переданного на указанный Заявителем абонентский номер устройства сотовой связи Заявителя, с проверкой принадлежности Заявителю данного абонентского номера путем сверки индивидуального идентификационного номера

<p>немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы клиенттердің ұялы телефон нөмірлері базасындағы өтініш берушінің Жеке сәйкестендіру нөмірін салыстырып тексеру арқылы осы абоненттік нөмірдің өтініш берушіге тиесілілігі туралы ақпарат алу арқылы өтініш берушінің Жеке сәйкестендіру нөмірін салыстырып тексеру арқылы осы абоненттік нөмірдің өтініш берушіге тиесілілігін тексере отырыш;</p> <p>– ажыратылмау факторын растау: нақты уақыт режимінде Өтініш беруші тұлғасының бейнесін оның жеке басын куәландыратын құжаттағы бейнесімен салыстыру, бұл ретте Өтініш беруші тұлғасының нақты уақыт режимінде бейненің орнына клиент тұлғасының статикалық бейнесін немесе бейнежазбасын пайдаланудан қорғау қамтамасыз етіледі.</p>	<p>Заявителя с индивидуальным идентификационным номером владельца абонентского номера в базе данных оператора мобильной связи или получения информации о принадлежности Заявителю данного абонентского номера путем сверки индивидуального идентификационного номера Заявителя в базе номеров мобильных телефонов клиентов посредством веб-портала «электронного правительства»;</p> <p>– подтверждение фактора неотъемлемости: сверки изображения лица Заявителя в режиме реального времени с его изображением на документе, удостоверяющем личность, при которой обеспечивается защита от использования вместо изображения в режиме реального времени лица Заявителя статичного изображения или видеозаписи лица клиента.</p>
<p>14. Заңды тұлғамен микрокредит беру туралы шарт жасасу Өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы не Қарыз алушының (оның уәкілетті өкілінің) қатысуымен қағаз жеткізгіште жеке жүзеге асырылады.</p>	<p>14. Заключение Договора о предоставлении микрокредита с юридическим лицом осуществляется посредством электронной цифровой подписи Заявителя либо на бумажном носителе в присутствии Заемщика (его уполномоченного представителя) лично.</p>
<p>15. Алынған мәліметтер негізінде Кредиттік Скоринг Өтініш берушінің кредиттік қабілеттілігін бағалауды айқындайды және микрокредиттің ықтимал сомасы есептеледі. Белгілі бір жағдайларда кредиттік Скорингтен кейін түпкілікті шешім қабылдау үшін МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасы қосылады.</p>	<p>15. На основе полученных данных Кредитным Скорингом определяется оценка кредитоспособности Заявителя и рассчитывается возможная сумма микрокредита. В определенных случаях после Кредитного Скоринга для принятия окончательного решения подключается уполномоченное лицо МФО.</p>
<p>16. МҚҰ алған Өтініш-сауалнаманы (Өтініш) Қарыз алушы қайтара алмайды. Егер Қарыз алушы МҚҰ Микрокредит сомасын аударғаннан кейін Микрокредиттен бас тартса, Қарыз алушы МҚҰ Микрокредитті ұсынған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Микрокредит сомасын МҚҰ банктік шотына қайтаруды жүзеге асыруға міндетті. Өйтпеген жағдайда, Өтініш берушіге Өтініш берушінің Шартпен қарастырылған барлық міндеттемелер жүктеледі.</p>	<p>16. Полученное МФО Заявление- анкета (Заявление) не может быть отозвана Заемщиком. В том случае, если Заемщик отказывается от Микрокредита, перечисления суммы Микрокредита МФО, Заемщик обязан в течение 1 (одного) рабочего дня с момента предоставления МФО Микрокредита осуществить возврат суммы Микрокредита на банковский счет МФО. В противном случае на Заемщика возлагаются все обязательства Заемщика, предусмотренные Договором.</p>
<p>17. Заңның 8-бабында көзделген Өтініш берушінің құқықтарын қанағаттандыруға қатысты міндеттемелерді қоспағанда, МҚҰ Микрокредит сомасы Қарыз алушыға аударылған сәтке дейін осы Қағидалармен қарастырылған қызметтерді ұсынуға және міндеттемелерді жүктеуге міндетті емес.</p>	<p>17. МФО не обязано предоставлять услуги и нести обязательства, предусмотренные настоящими Правилами, до момента перечисления суммы Микрокредита Заемщику, за исключением обязательств в отношении удовлетворения прав Заявителя, предусмотренных статьей 8 Закона.</p>

<p>18. МҚҰ тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күніне дейінгі мерзімде Өтініш берушіге Микрокредитті беру немесе Микрокредитті беруден бас тарту туралы қабылдаған шешім туралы бас тарту себептерін көрсете отырып, кез-келген қолжетімді тәсілмен, оның ішінде Өтініш беруші Өтініште көрсеткен электронды пошта, Жеке кабинетте көрсетілген ақпарат және/немесе sms -хабарлама жолдау арқылы арқылы хабарлайды.</p>	<p>18. МФО в срок до 3 (трех) рабочих дней со дня принятия соответствующего решения уведомляет Заявителя о принятом решении о предоставлении Микрокредита или отказе от предоставления Микрокредита с указанием причин отказа любым доступным способом, в том числе, посредством электронной почты, указанной Заявителем в Заявлении, отражения информации в Личном кабинете и/или посредством направления sms -уведомления.</p>
<p>19. Микрокредиттерді беру туралы шарттарға микрокредитті өтеу кестесі қосылады, ол Шартта көрсетілген микрокредитті өтеу әдісі, негізгі борышты өтеу және сыйақыны төлеудің анықталған кезеңділігі негізінде құрастырылады.</p>	<p>19. К Договорам о предоставлении микрокредитов, прилагается график погашения микрокредита, который строится на основании указанных в Договоре методе погашения микрокредита, установленной периодичности погашения основного долга и выплаты вознаграждения.</p>
<p>20. Барлық қажетті құжаттарға қол қоюды Өтініш беруші қашықтықтан Электрондық тәсілмен микрокредиттерді беру қағидаларына сәйкес және/немесе қолма-қол (МҚҰ жұмысшысының/серіктесінің МҚҰ ресімдеген тиісті құжаттар пакетін ұсынуы бойынша жеке өзі) жүзеге асырады.</p>	<p>20. Подписание всех необходимых документов осуществляется Заявителем дистанционно в соответствии с Правилами предоставления микрокредитов электронным способом и/или лично (лично по предоставлению работником/партнером МФО пакета соответствующих документов, оформленных МФО).</p>
<p>21. Шартқа барлық өзгерістер немесе толықтырулар, егер Шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен және тәртіпте жасалатын оған тиісті қосымша келісімдермен ресімделеді.</p>	<p>21. Все изменения или дополнения к Договору оформляются соответствующими дополнительными соглашениями к нему, заключаемыми способом и в порядке, не противоречащим законодательству Республики Казахстан, если иное не предусмотрено Договором.</p>
<p>22. Берілген микрокредит бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасында айқындалған шарттарда кредиттік бюроларға, оның ішінде мемлекеттің қатысуымен де беріледі.</p>	<p>22. Информация по выданному микрокредиту передается в кредитные бюро, в том числе и с государственным участием, на условиях, определенных законодательством Республики Казахстан о кредитных бюро и формировании кредитных историй.</p>
<p>23. МҚҰ, Өтініш берушінің Жеке Кабинетте тіркелгенін растау үшін Шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген тұлғаның деректерін, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) қоса алғанда салыстырып тексеруді жүзеге асырады.</p>	<p>23. МФО для подтверждения регистрации Заявителя в Личном Кабинете осуществляет сверку данных, включая фамилию, имя, отчество (при наличии), фотографию лица, указанные в документе, удостоверяющим личность лица, уполномоченного подписывать Договор.</p>
<p>24. Өтініш беруші Жеке Кабинетте тіркегеннен кейін Өтініш берушінің Жеке Кабинетке кейіннен кіруі парольдерді генерациялау және (немесе) енгізу арқылы немесе кемінде бір аутентификациялық белгілерді (токендер, смарт-карталар, бір реттік парольдер) пайдалана отырып жүзеге асырылады.</p>	<p>24. После регистрации Заявителя в Личном Кабинете, последующий допуск Заявителя к личному кабинету осуществляется путем генерации и (или) ввода паролей или с использованием не менее одного из аутентификационных признаков (токенов, смарт-карт, одноразовых паролей).</p>

25. Жеке кабинетте Өтініш берушінің ЖСН/БСН туралы деректер өзгертілмейді.	25. В Личном Кабинете не подлежат изменению данные об ИИН/БИН Заявителя.
§3. Микрокредитті беруден бас тарту негіздемелері.	§3. Основания для отказа в предоставлении Микрокредита.
1. МҚҰ Микрокредит беру туралы Өтінішті қарайды, Өтініш берушіден Өтінішті алған күннен бастап 48 сағаттан кешіктірмей өтініш беруші Өтініште көрсеткен шарттарда Микрокредит беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.	1. МФО рассматривает Заявление о предоставлении микрокредита и принимает решение о выдаче или отказе в выдаче Микрокредита на условиях, указанных Заявителем в Заявлении, не позднее 48 часов с даты получения МФО от Заявителя Заявления.
2. Микрокредит қайтарылмаудың қолайлы тәуекелі және (немесе) қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне ықпал етуге қабілетті кез келген теріс ақпараты жоқ Өтініштер мақұлданады.	2. Одобрение получают Заявления с приемлемым риском невозврата Микрокредита и (или) отсутствием любой негативной информации, способной повлиять на возможность выполнения обязательств Заемщика перед МФО.
3. МҚҰ Өтініш берушіге мынадай жағдайларда Микрокредит бермеуге құқылы:	3. МФО вправе не предоставлять Заявителю Микрокредит в следующих случаях:
1) МҚҰ-да Микрокредит мерзімінде қайтарылмайды деп пайымдауға негіз бар, өйткені Өтініш беруші ұсынған ақпарат / МҚҰ-ға белгілі болған ақпарат Өтініш берушінің төлем қабілетсіздігін және/немесе жосықсыз екенін куәландырады;	1) наличия у МФО оснований полагать, что Микрокредит не будет возвращен в срок, так как представленная Заявителем информация/информация, ставшая известной МФО, свидетельствует о возможной неплатежеспособности и/или недобросовестности Заявителя;
2) Өтініш беруші туралы деректердің осы Қағидалармен анықталған Микрокредит беру шарттарына сәйкес келмеуі;	2) несоответствие данных о Заявителе условиям предоставления Микрокредита, установленным настоящими Правилами;
3) Өтініш беруші ұсынған ақпарат жалған немесе толық емес болып табылады;	3) информация, представленная Заявителем, не является достоверной или является неполной;
4) Өтініш берушіде бұрын ұсынылған Микрокредит бойынша МҚҰ алдында өтелмеген берешегінің (соның ішінде Өтініш беруші қайта Микрокредит алуға келген сәтте өтеу мерзімі келмеген Микрокредит бойынша берешек болса) болуы;	4) наличие у Заявителя непогашенной задолженности перед МФО за ранее предоставленный Микрокредит (в том числе задолженности по Микрокредиту, срок возврата которого не наступил на момент обращения Заявителя за повторным Микрокредитом);
5) қажетті құжаттар ұсынылмаған;	5) не представлены необходимые документы;
6) Өтініш берушінің кредиттік тарихында, оның үшінші тұлғалар алдында өзінің міндеттерін дұрыс орындамауы туралы мәліметтер қамтылған;	6) кредитная история Заявителя содержит сведения о ненадлежащем выполнении Заявителем своих обязательств перед третьими лицами.
7) Өтініш берушінің/оның өкілінің/бенефициарлық меншік иесінің тәуекел - факторлар тізімдерінің бірінде болуы және теріс сипаттағы мәліметтердің болуы, атап айтқанда (бірақ төмендегімен шектелмей):	7) нахождения Заявителя/ его представителя/ бенефициарного собственника в одном из списков риск-факторов и наличия сведений негативного характера, а именно (но не ограничиваясь нижеизложенным):
– шығуға уақытша шектелген борышкерлер тізімінде көрсетілсе;	– значится в списке должников, временно ограниченных на выезд;

Өтініш берушіге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кем дегенде бір атқарушылық өндіріс қозғалса;	– в отношении Заявителя в установленном законодательством Республики Казахстан возбуждено как минимум одно исполнительное производство;
– Өтініш беруші кем дегенде бір қозғалған атқарушылық өндіріс бойынша борышкер/жауапкер болып табылса;	– Заявитель является должником/ответчиком по как минимум одному возбужденному исполнительному производству;
– сот ісі (істері) бойынша тиісті базада Өтініш берушінің Т.А.Ә тұрса;	– в соответствующей базе по судебному (-ым) делу (-ам) упоминается ФИО Заявителя;
– тыйым салынған мүліктің сауда саттық тізілімінде Өтініш берушінің мүлкі көрсетілсе;	в реестре торгов арестованного имущества значится имущество Заявителя;
– Өтініш беруші тиісті деректер базасының деректеріне сәйкес хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеуде/қылмыстық іздестіруде болса;	– Заявитель находится в уголовном розыске/розыске лиц без вести пропавших согласно данным соответствующих баз данных;
– Өтініш беруші атқарушылық құжаттар бойынша борышкерлерді іздестіру тізімінде болса;	– Заявитель числится в списке розыска должников по исполнительным документам;
– Өтініш беруші туралы деректер терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға қатысы бар ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде, террористік қызметке қатысы бар адамдардың, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және басқа халықаралық тізімдер;	- данные о Заявителе имеются в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, в списке лиц, причастных к террористической деятельности, а также перечне организаций и лиц, связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения и в других международных списках;
– Өтініш беруші туралы деректер педофилдер базасында.	– Данные о Заявителе имеются в базе педофилов;
– Өтініш беруші туралы деректер Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы мәліметтерде (соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану шеңберінде – «электрондық үкімет» веб-порталында борышкер туралы мәліметтер орналастырылған күннен бастап, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығын қалпына келтіру рәсімін қолдану шеңберінде – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығын қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап).	– Данные о Заявителе содержатся в Сведениях о банкротстве физических лиц (в рамках применения процедуры внесудебного банкротства – со дня размещения на веб-портале «электронного правительства» сведений о должнике, в рамках применения процедуры восстановления платежеспособности или судебного банкротства - с даты вынесения определения о возбуждении производства по делу о применении процедуры восстановления платежеспособности или судебного банкротства).
9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша, оның ішінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен қарастырылған негіздер бойынша және/немесе МҚҰ-ның ішкі құжаттарымен шектелмей, Өтініш берушімен іскерлік қатынастарды біржақты тәртіппен орнатудан бас тартуға, сондай-ақ Өтініш берушімен іскерлік қатынастарды тоқтатуға және/немесе микрокредит беруден бас тартуға құқығы бар;	9) отказать в одностороннем порядке в установлении деловых отношений с Заявителем, а также прекратить деловые отношения с Заявителем и/или отказать в предоставлении Микрокредита в случаях и по основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан, в том числе по основаниям, предусмотренным Законом Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмывания) доходов, полученных преступным путем, и финансирования терроризма» и/или внутренними документами МФО, в том числе, но не ограничиваясь:

<p>– Өтініш берушіні (олардың өкілдерін) тиісінше тексеру бойынша МҚҰ шараларды жүзеге асыру мүмкін болмаған кезде;</p>	<p>– невозможности осуществления МФО мер по надлежащей проверке Заявителя (их представителей);</p>
<p>– Өтініш берушіні зерделеу процесінде іскерлік қатынастарды Өтініш беруші Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайларда туындағанда;</p>	<p>– возникновения в процессе изучения Заявителя подозрений о том, что деловые отношения будут использоваться Заявителем в целях легализации (отмывания) доходов, полученных преступным путем, и финансирования терроризма;</p>
<p>– Өтініш беруші МҚҰ-ға құжаттарды, мәліметтерді, ақпаратты ұсынудан бас тартқанда және/немесе уақыттылы ұсынбағанда және/немесе дұрыс емес, жарамсыз құжаттарды ұсынғанда және/немесе Өтініш беруші ұсынған құжатта қолдан жасау белгілері болса, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе нысаны мен түрі бойынша МҚҰ ішкі құжаттарына сәйкес келмейтін құжаттарды қоса бергенде/ұсынғанда;</p>	<p>– отказа Заявителя в предоставлении МФО документов, сведений, информации/или несвоевременного предоставления и/или предоставления недостоверных, недействительных документов и/или предоставленные Заявителем документы содержат признаки подделки, а также прикрепления/предъявления документов по форме и виду, не соответствующих требованиям законодательства Республики Казахстан или внутренним документам МФО;</p>
<p>10) жеке тұлғаның кредиттік есебінде заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Өтініш берушінің микрокредит алудан ерікті түрде бас тартуды белгілегені туралы ақпарат болған кезде;</p>	<p>10) при наличии в кредитном отчете физического лица информации об установлении Заявителем добровольного отказа от получения микрокредита, за исключением случаев, предусмотренных законодательством;</p>
<p>11) кредиттік есепте өтініш беруші-жеке тұлғаның ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына аяқталған соңғы 6 (алты) айдағы төлемдерді жүргізу сомасы мен күнін көрсете отырып, төлемдер жүргізу фактілері туралы ақпарат болған кезде;</p>	<p>11) при наличии в кредитном отчете информации о фактах проведения заявителем-физическим лицом платежей в пользу организатора игорного бизнеса с указанием суммы и даты проведения платежей за последние 6 (шесть) завершённых месяцев;</p>
<p>12) Өтініш беруші-жеке тұлғаның жұбайының (зайыбының) келісімі болмаған кезде – тіркелуге жататын мүлікті кепілмен қамтамасыз етілмеген келісім алу қажет тұтынушылық микрокредитті алу тәртібі мен минималды мөлшері заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады;</p>	<p>12) при отсутствии согласия супруга (супруги) Заявителя-физического лица, порядок получения которого и минимальный размер потребительского микрокредита, не обеспеченного залогом имущества, подлежащим регистрации, по которому необходимо согласие, определяются нормативным правовым актом уполномоченного органа, за исключением случаев, предусмотренных законодательством;</p>
<p>13) жеке тұлғаның кредиттік есебінде жеке тұлғаны мерзімді әскери қызметке шақыру туралы ақпарат болған кезде;</p>	<p>13) при наличии в кредитном отчете физического лица информации о призыве физического лица на срочную воинскую службу;</p>
<p>14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда, немесе МҚҰ-дың қалауы бойынша.</p>	<p>14) в иных случаях, установленных законодательством Республики Казахстан, либо по усмотрению МФО.</p>

<p>§4. Берілетін микрокредиттер бойынша тиімді жылдық сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелері.</p>	<p>§4. Правила расчета годовой эффективной ставки вознаграждения по предоставляемым микрокредитам.</p>
<p>1. МҚҰ тиімді жылдық сыйақы мөлшерлемесін есептеуді жүргізеді:</p>	<p>1. МФО производит расчет годовой эффективной ставки вознаграждения:</p>
<p>1) Шартты немесе оған қосымша келісімдерді жасасу күніне;</p>	<p>1) на дату заключения Договора или дополнительных соглашений к нему;</p>
<p>2) Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;</p>	<p>2) по устному или письменному требованию Заемщика;</p>
<p>3) Қарызалушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын Шартқа қосымша келісім жасасу арқылы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда;</p>	<p>3) в случае внесения изменений и дополнений в Договор путем заключения дополнительного соглашения к Договору, которые влекут изменение суммы (размера) денежных обязательств Заемщика и (или) срока их уплаты.</p>
<p>2. Қарыз алушының міндеттемелері сомасының және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын Шарттың талаптары өзгерген кезде МҚҰ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу Шарттың қолданылу мерзімі басталғаннан бастап Қарыз алушы жүргізген Микрокредит бойынша төлемдерді есепке алмағанда, талаптар өзгертін күнге берешектің қалдығы, Микрокредитті өтеудің қалған мерзімі негізге алына отырып жүргізіледі.</p>	<p>2. При изменении условий Договора, влекущих изменение суммы обязательств Заемщика и (или) срока их уплаты, расчет уточненного значения годовой эффективной ставки вознаграждения МФО производится исходя из остатка задолженности, оставшегося срока погашения микрокредита на дату, с которой изменяются условия, без учета платежей по микрокредиту, произведенных Заемщиком с начала срока действия Договора.</p>
<p>3. МҚҰ берілетін микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін келесі формуламен есептейді:</p>	<p>3. МФО рассчитывает годовую эффективную ставку вознаграждения по предоставляемым микрокредитам по следующей формуле:</p>
$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$	$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$
<p>мұндағы</p>	<p>Где:</p>
<p>n – қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;</p>	<p>n – порядковый номер последней выплаты заемщику</p>
<p>j – қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;</p>	<p>j – порядковый номер выплаты заемщику</p>
<p>S_j – қарыз алушыға j-ші төлем сомасы;</p>	<p>S_j – сумма j-той выплаты заемщику</p>
<p>APR – СЖТМ</p>	<p>APR – ГЭСВ</p>
<p>t_j – микрокредит берілген сәттен бастап қарыз алушыға (күндермен) j-ші төле сәтіне дейінгі уақыт кезеңі</p>	<p>t_j – период времени со дня предоставления микрокредита до момента j-той выплаты заемщику (в днях)</p>
<p>m – қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі</p>	<p>m – порядковый номер последнего платежа заемщика</p>
<p>i – қарыз төлеуші төлемінің реттік нөмірі</p>	<p>i – порядковый номер платежа заемщика</p>
<p>P_i – қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы</p>	<p>P_i – сумма i-того платежа заемщика</p>
<p>t_i – микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).</p>	<p>t_i – период времени со дня предоставления микрокредита до момента i-того платежа заемщика (в днях)</p>

4. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі есептелгенде мыналар ескеріледі:	4. При расчете годовой эффективной ставки вознаграждения учитываются:
1) Негізгі борыш қалдығына есептелетін, микрокредитті өтеудің күллі мерзімі үшін микрокредит бойынша сыйақы;	1) вознаграждение по микрокредиту за весь срок погашения микрокредита, начисляемое на остаток основного долга;
2) Микрокредит бойынша төлемдердің әтүрлі кезеңділігін қолдану мүмкіндігі;	2) возможность применения различной периодичности платежей по микрокредиту;
5. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) ескерілмейді;	5. При расчете годовой эффективной ставки вознаграждения не учитываются неустойка (штраф, пеня).
6. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің шекті мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерден аспайды.	6. Предельный размер годовой эффективной ставки вознаграждения по предоставляемым микрокредитам не превышает размер, установленный законодательством Республики Казахстан.
§5. Микрокредитті беру.	§5. Выдача Микрокредита.
1. МҚҰ Өтініш берушіге Микрокредит беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда МҚҰ Қарыз алушыға Өтініште көрсетілген Микрокредит сомасын Өтініш беруші/Қарыз алушы Өтініш-сауалнамада және/немесе Микрокредит беру туралы өтініште және/немесе Өтініш берушіге терминал немесе касса арқылы қолма-қол ақша беру арқылы көрсеткен Қарыз алушының банктік шотына/төлем карточкасына біржолғы аудару түрінде және (немесе) егер Шартта өзгеше көзделмесе, Қарыз алушының Өтініші бойынша сатып алынатын тауарға немесе Микрокредит сомасын Қарыз алушының орындаған жұмыстарына, қызметтеріне ақы төлеуді көздейтін МҚҰ-мен Шарт жасасқан заңды тұлғаның банктік шотына аудару жолымен Микрокредит береді. Қарыз алушыға касса арқылы микрокредит беру туу туралы куәлікті немесе цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректерді қоспағанда, қолма-қол ақша алатын клиентті оның жеке басын куәландыратын құжатпен визуалды сәйкестендіруді жүргізу арқылы, сондай-ақ Қарыз алушы-заңды тұлғаға микрокредит берілген жағдайда, ақша алуға уәкілетті тұлғаның өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Микрокредитті Қарыз алушының өтініші бойынша сатып алынатын тауарға немесе орындалған жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді көздейтін МҚҰ-мен шарт жасаған заңды тұлғаның банк шотына аудару Микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.	1. В случае принятия МФО положительного решения о выдаче Заявителю Микрокредита МФО предоставляет Микрокредит Заемщику в виде единовременного перечисления Суммы Микрокредита, указанной в Заявлении, на банковский счет/платежную карточку Заемщика, указанные Заявителем/Заемщиком в Заявлении-анкете и/или Заявлении о предоставлении микрокредита и/или посредством выдачи Заявителю наличных денег через терминал или кассу, и (или) путем перевода Суммы Микрокредита по заявлению Заемщика на банковский счет юридического лица, с которым у МФО заключен договор, предусматривающий оплату за приобретаемый товар или выполненные работы, услуги заемщиком, если иное не предусмотрено Договором. Предоставление заемщику микрокредита через кассу осуществляется путем проведения визуальной идентификации клиента, получающего наличные деньги, с документом, удостоверяющим его личность, за исключением свидетельства о рождении либо данными, подтверждающими (идентифицирующими) личность клиента, полученными посредством сервиса цифровых документов, а также предоставления доверенности, подтверждающей полномочия лица, уполномоченного на получение денег, в случае предоставления микрокредита Заемщику-юридическому лицу. Перевод микрокредита по заявлению Заемщика на банковский счет юридического лица, с которым у МФО заключен договор, предусматривающий оплату за приобретаемый товар или выполненные

	работы, услуги заемщиком осуществляется в соответствии с Правилами предоставления микрокредитов электронным способом.
2. Аақша аудару Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, МҚҰ Микрокредит беру туралы оң шешім қабылдағаннан және микрокредит беру туралы шарт жасасқаннан кейін жүзеге асырылады.	2. Перечисление денег осуществляется после принятия МФО положительного решения о предоставлении Микрокредита и заключения договора о предоставлении микрокредита, с учетом требований законодательства Республики Казахстан.
3. Егер Шартпен өзге көзделмесе, Микрокредит сомасын Өтініш берушінің шотына аудару/өтініш берушіге терминал немесе касса арқылы қолма-қол ақша беру уақыты өтініш берушіге ақша беру сәті деп танылады.	3. Моментом предоставления денег Заявителю признается время перечисления суммы Микрокредита на Счёт Заявителя/выдача Заявителю наличных денег через терминал или кассу если иное не предусмотрено Договором.
4. Өтеу тәсілдері МҚҰ сайтында/Мобильді қосымшасында көрсетіледі.	4. Способы погашения указываются на Сайте/Мобильном приложении МФО.
§6. Кредиттік құжаттаманы құрастыру.	§6. Формирование кредитного досье.
1. Кредиттік құжаттама МҚҰ бөлімшелерінің жұмысын оңтайландыру үшін қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық түрде қалыптастырылуы мүмкін.	1. Кредитное досье может быть сформировано на бумажном носителе и (или) в электронном виде для оптимизации работы подразделений МФО.
2. Кредиттік құжаттама Микрокредит беру туралы шарт бойынша кредиттік құжаттаманы енгізу тәртібін реттейтін ҚР заңнамасымен, сондай-ақ МҚҰ-дың ішкі нормативтік құжаттарымен қарастырылған көлемде қалыптастырылады.	2. Кредитное досье формируется в объеме, предусмотренном законодательством РК регулирующим порядок ведения кредитного досье по договору о предоставлении микрокредита, а также внутренними нормативными документами МФО.
4 тарау. Мониторинг. Шарт талаптарының орындалуын бақылау.	Глава 4. Мониторинг. Контроль за выполнением условий Договора.
1. Шұғыл шешімдер қабылдау және ықтимал шығындарды жою бойынша қажетті іс-шараларды ұйымдастыру жолымен микрокредит беру тәуекелдерін анықтау және азайту мақсатында микрокредит берілгеннен кейін және Қарыз алушы Шарт шеңберінде міндеттемелерін толық орындаған сәтке дейін МҚҰ Шарт және кепіл туралы шарт талаптарының орындалуын бақылауды қамтитын мониторингті тұрақты негізде жүргізеді.	1. С целью выявления и минимизации рисков микрокредитования путем принятия оперативных решений и организации необходимых мероприятий по устранению возможных потерь, после предоставления микрокредита и до момента полного исполнения обязательств Заемщиком в рамках Договора, МФО на регулярной основе проводит мониторинг, включающий в себя контроль за выполнением условий Договора и договора о залоге.
2. Микрокредит мониторингі МҚҰ уәкілетті тұлғасының мынадай іс-қимылдарын қамтуы мүмкін, мыналарды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей:	2. Мониторинг микрокредита может включать в себя следующие действия уполномоченного лица МФО включая, но не ограничиваясь:
1) Қарыз алушымен байланыста болу;	1) поддержание связи с Заемщиком;

2) Қарыз алушыдағы пайда болған жаңылыстарды, қателер мен проблемаларды анықтау; проблемаларды еңсеру жолдарын іздеу;	2) определение возникших просчетов, ошибок и проблем у Заемщика; поиск путей преодоления проблем;
3) микрокредиттің нысаналы мақсатын, кепілмен қамтамасыз етудің болуын растайтын құжаттарды сұрату;	3) запрос документов, подтверждающих целевое назначение микрокредита, наличие залогового обеспечения;
4) кепіл туралы шарттың қолданылу мерзімі ішінде кепіл нысанасының болуын бақылау.	4) контроль за наличием предмета залога в течение всего срока действия договора о залоге.
3. Мерзімі өткен берешектің мониторингі мерзімі өткен берешекті қайтару жөніндегі іс-шараларды орындау болып табылады.	3. Мониторинг просроченной задолженности заключается в выполнении мероприятий по возврату просроченной задолженности.
5 тарау. Шартқа өзгерістер енгізу тәртібі.	Глава 5. Порядок внесения изменений в Договор.
1. Support@solva.kz Сайтында техникалық қызметке рәсімделетін Қарыз алушының жазбаша сұранымының негізінде еркін нысанда сұратылған өзгертулер мен олардың себептерін міндетті түрде көрсетумен Шартқа тиісті қосымша келісімдер жасау арқылы жүргізіледі.	1. Внесение изменений в условия Договора при необходимости производится путем заключения соответствующих дополнительных соглашений к Договору на основании письменного запроса Заемщика в произвольной форме с обязательным указанием запрашиваемых изменений и их причин, оформляемого на Сайте в техническую поддержку: support@solva.kz .
2. Қарыз алушы МҚҰ-ға кредит беру шарттарын өзгерту туралы сұраныммен жүгінген кезде осы мәселе бойынша шешімді уәкілетті орган/МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасы қабылдайды, оның өкілеттігіне МҚҰ-ның ішкі құжаттарына сәйкес көрсетілген мәселені қарау кіреді.	2. При обращении Заемщика в МФО с запросом об изменении условий кредитования, решение по данному вопросу принимается уполномоченным органом/уполномоченным лицом МФО, в полномочия которого входит рассмотрение указанного вопроса в соответствии с внутренними документами МФО.
6 тарау. Мерзімі өткен берешекпен жұмыс жасау.	Глава 6. Работа с просроченной задолженностью.
1. Қарыз алушы микрокредит бойынша өтеу кестесін сақтамаған жағдайда оған Шартпен белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) есептеледі.	1. При несоблюдении Заемщиком графика погашения по микрокредиту, ему начисляется неустойка (штраф, пеня) в размере, установленном Договором.
2. Қарыз алушыда микрокредит бойынша мерзімі өткен төлемдер болғанда МҚҰ берешекті қайтару жұмыстарын мына жолмен жасайды:	2. При наличии у Заемщика просроченных платежей по микрокредиту, МФО осуществляет работу по возврату задолженности, путем:
1) SMS-хабарлама;	1) SMS-уведомлений;
2) электрондық поштаға жіберілетін хабарлама;	2) оповещений на электронную почту;
3) ақпараттық сипаттағы телефон қоңыраулары;	3) информационных телефонных звонков;
4) Қарыз алушылармен физикалық байланыс және әнгімелесулер өткізу;	4) физических контактов с Заемщиком и проведения бесед;
5) микрокредит бойынша берешекті сот тәртібімен өндіріп алу;	5) взыскания задолженности по микрокредиту в судебном порядке;
6) микрокредит бойынша талап ету құқықтарын үшінші тұлғаларға беру;	6) уступки прав требований по микрокредиту третьим лицам;

7) Қарыз алушыға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында, МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарында және/немесе Шартта белгіленген өзге де шараларды қолдану арқылы. Шараларды қолдану туралы шешім қабылдауды уәкілетті орган/МҚҰ тұлғасы МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады;	7) применения в отношении Заемщика иных мер, установленных законодательством Республики Казахстан, внутренними нормативными документами МФО и/или Договором. Принятие решения о применении мер осуществляется уполномоченным органом/лицом МФО в соответствии с внутренними нормативными документами МФО;
8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолдану;	8) обращения взыскания на заложенное имущество в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;
9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да әдістермен.	9) иных методов, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.
3. Нотариустың атқарушылық жазбасы МҚҰ-дың өтініші негізінде МҚҰ-дың таңдауы бойынша жасалуы мүмкін: – тіркеу орнының мекенжайы бойынша (Қарыз алушы -жеке, заңды тұлғаның заңды мекенжайы); – Қарыз алушы-жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша (борышкермен жасалған шартта көрсетілген жеке тұлғаның нақты мекенжайы) немесе қарыз алушы-заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері бойынша.	3. Исполнительная надпись нотариуса может быть совершена по выбору МФО, на основании заявления МФО: – по адресу места регистрации (юридический адрес Заемщика-физического, юридического лица); – по месту жительства Заемщика-физического лица (фактический адрес физического лица, указанный в договоре должником на момент его заключения) либо по месту нахождения постоянно действующего органа Заемщика-юридического лица.
4. Төлемге қабілетсіз клиенттермен жұмыс микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың Микрокредиттер беру, ақпаратты ашу және микрокредиттер беру процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.	4. Работа с неплатежеспособными клиентами осуществляется в соответствии с Правилами предоставления микрокредитов, раскрытия информации и рассмотрения организациями, осуществляющими микрофинансовую деятельность, обращений клиентов, возникающих в процессе предоставления микрокредитов.
7 тарау. Микрокредитті өтеу, Шарттарды мерзімінен бұрын бұзу тәртібі.	Глава 7. Порядок погашения микрокредитов, досрочного расторжения Договоров.
§1. Микрокредиттерді өтеу әдістері.	§1. Методы погашения микрокредитов.
1. МҚҰ микрокредитті өтеу кестелерін есептегенде аннуентті әдістерді, дифференциалданған және өзге төлеу әдістерін қолданады;	1. МФО использует при расчетах графиков погашений микрокредита методы аннуитетных, дифференцированных и иных платежей;
2. Шарт бойынша бірінші және екінші төлемдерінде айырмашылықтар болу мүмкін. Сыйақыны есептеу мақсаттары үшін микрокредит берілген күн және микрокредитті қайтару жөніндегі міндеттеменің толық орындалған күні бір күн ішінде қабылданады.	2. Размеры первого и последнего платежей по Договору могут отличаться от других. Для целей расчета вознаграждения дата предоставления микрокредита и дата полного исполнения обязательства по возврату микрокредита принимаются за один день.

3. Соңғы жоспарлы төлем күні Шартта келісілген микрокредит толықөтелген жоспарлы төлем күні Шартта келісілген.	3. Дата последнего планового платежа должна быть установлена не позднее даты полного погашения микрокредита, обусловленной Договором.
§2. Микрокредиттер бойынша төлемдерді енгізу тәртібі.	§2. Порядок внесения платежей по микрокредитам.
1. Қарыз алушыға микрокредитті өтеу кестесімен сәйкес микрокредит бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін белгілі күн тағайындалады. Бірінші жоспарлы төлем және келесі төлемдер күні айыппұл санкцияларын есептеусіз, микрокредитті нақты беру күніне бара-бар ауысуы мүмкін.	1. Заемщику в соответствии с графиком погашения микрокредита назначается определенная дата для осуществления платежей по микрокредиту. Дата первого планового платежа и последующих платежей может сдвигаться пропорционально дате фактической выдачи микрокредита без начисления штрафных санкций.
2. Негізгі борыш, есептелген сыйақы бойынша төлемдерді Қарыз алушы толық көлемде микрокредитті өтеу кестесімен белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылуы тиіс.	2. Платежи по основному долгу, начисленному вознаграждению должны быть осуществлены Заемщиком в полном объеме в установленные графиком погашения микрокредита сроки.
3. Қарыз алушы микрокредитті (ол бойынша сыйақыны, сондай-ақ айыппұлдарды және/немесе өсімпұлды қоса алғанда) өтеу бойынша төлемдерді Қарыз алушының шотынан МҚҰ шотына аударуды қоса алғанда, МҚҰ-аның банк шотына ақша енгізу арқылы қолма-қол емес жолмен, сондай-ақ МҚҰ-да тиісті шарттар жасалған төлем жүйелерінің терминалдары арқылы ақша енгізу не карта арқылы төлеу арқылы жүзеге асырады.	3. Заемщик осуществляет платежи по погашению микрокредита (включая вознаграждение по нему, при наличии неустойки (штраф, пеня) безналичным путем посредством внесения денег на банковский счет МФО, включая перевод со счета Заемщика на счет МФО, а также путем внесения денег через терминалы платежных систем, с которыми у МФО заключены соответствующие договоры, либо оплата через Карту.
4. Шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлемнің сомасы, егер ол Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушының берешегін жасалған Шарттың және ҚР заңнамасының талаптарымен қарастырылған кезектілікпен өтейді.	4. Сумма произведенного Заемщиком платежа по Договору, если она недостаточна для исполнения обязательства Заемщика по Договору, погашает задолженность Заемщика в очередности, предусмотренной условиями заключенного Договора и законодательства РК.
